

Ташимова Ф.С., Ризулла А.Р.,
Құранбек А., Борбасова Г

**Әл-Фараби және ұжымдық
субъектінің психологиясы**

Заманауи психологияның өзекті мәселелерінің бірі коллективті субъект, оның мазмұны, құрылымы мен механизмі, оның пайда болуына түрткі болатын жағдайлар болып табылады. Бүгінгі күні осы мәселе кең мағынадағы көзқарас және оны түсінудегі жүйеліліктің жоқтығымен ерекшеленеді. Субъект мәселесінің коллективті құбылысы Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерінде жүйелі түрде жазылған, барлық ірі космостың көрсеткіші, адамның ұсақ (микро) космос ретіндегі көрінісі. Ол бойынша субъект өзіне көптеген басқа адамдардың әсерін жинақтайтын жалғыз тіршілік ретінде қаралады, өлемнің барлық жүйелерінде көрініс тапқан «тұтастық» ретінде анықталады.

Алғашқы жаратушы Құдай екендігін анықтайды. Мұндай көзқарас психологияда В. Франклдің субъектінің жоғары мәнділік рухани тұлғасы ретіндегі еңбектерінде көрініс тапқан. К. Юнгтің Құдайдың тұлға үстілік және басқалары жайлы архетиптерінде көрсетілген.

Жер үстіндегі субъект орны түрлі қоғаммен анықталады: орташа, үлкен, кіші және қоршаған ортамен.

Кіші қоғам ортасы жақын ортамен анықталады, көбінесе отбасымен. Бұл орта ата-ана (З. Фрейд), одан әрі ағайындар (А. Адлер). Әл-Фараби бойынша қалалар мен орта топ орны Перлз еңбектерінде көрініс тапқан, субъектілердің контактілі көрсеткіштерінен орта және тұлғаның топ нәтижесі ретінде интимдік әңгімелесушілер (В. Франкл), коллективті субъект (С.Л. Рубинштейн, К.А. Абульханова).

Қоғамда атақты адамдар жанама өзара әрекет ететін табынушылармен билеушілермен көрініс табады. Бұл шебер субъектілер (В.А. Петровский), табынушылар (Ф.С. Ташимова) орны.

Адам тұтастық жүйесінде субъект мәні мен қызметінің нәтижесі оны барлық компоненттердің реттеушісі мен жүйелілік деп белгілеуге болады. Сол себепті субъект тек көптеген нәрселердің тасымалдаушысы ғана емес (виртуалды тұлғаның, мәнді адамдар). Қарым-қатынасты реттеу, сапа мен болмыстың ортасын табумен өлшенеді.

Түйін сөздер: субъект, микрокосм, бейімделу, құдай, ата-ананың интроекттері, сиблингер, рухани тұлға, интимдік тұлғалар, виртуалдық тұлғалар.

Tashimova F.S., Rizulla A.R.,
Kuranbek A., Borbasova G.

**Abu Nasr al Farabi and collective
person psychology**

One of the most important problems of modern psychology is the collective person problem, its content, structure and mechanisms to stimulate its development. For today, this problem has a wide variety of postulates and the lack of systematic in its understanding. Unlike authors who investigated certain aspects of the person, al-Farabi works gave systemic vision of the collective person, allowing to structures significant others, and their performance measure. Based on the functions and values of the person in the integrity of the subject's system, we can call it as a regulator and integrator of all of its structural components. Therefore, the person is not just a carrier of the others (introjects virtual personalities important people, etc.), but also acts as a regulator of the relationship with them. Regulation of relations determined by the measure, as the finding in the middle of the qualities or phenomena.

Key words: the subject, the microcosm, the representation of the god, introjects parents, siblings, spiritual personality, intimate personality, virtual subject.

Ташимова Ф.С., Ризулла А.Р.,
Құранбек А., Борбасова Г.

**Абу Наср аль-Фараби и
психология коллективного
субъекта**

Проблема субъекта как коллективного явления, достаточно системно, прописана в работах Абу Наср аль-Фараби в его учении о человеке как микрокосме, в котором представлен весь макрокосм. Субъект рассматривается им как единичное существо в визуале, интегрирующее в себе многоликое влияние других людей, представленных в его личности и определяется как «целостность», в котором представлены все системы Вселенной. В отличии от авторов, исследовавших отдельные стороны субъекта, в работах аль-Фараби даётся системное видение коллективного субъекта, позволяющее структурировать круги значимых других и меру их представленности: родители, сиблинги, люди из непосредственного сообщества, личности из опосредованных систем (через книги, интернет и др.). Исходя из функций и значения субъекта в системе целостности человека, можно констатировать его как регулятора и интегратора всех её структурных компонентов. Следовательно, субъект является не просто носителем множества других (интроектов, виртуальных личностей, значимых людей и т.д.), но и выступает как регулятор взаимоотношений с ними. Регуляция отношений определяется мерой, как нахождением середины в качествах или явлениях.

Ключевые слова: субъект, микрокосм, представленность, бог, интроекты родителей, сиблинги, духовная личность, интимные личности, виртуальные субъекты.

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҰЖЫМДЫҚ СУБЪЕКТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Субъектіні өзінің бойында әлемнің алуан түрлілігін жинайтын әлемнің көптүрлілігі ретінде түсінудегі бастапқы айқындама әл-Фарабидің адамды «бойында барлық макрокосм ұсынылған микрокосм» ретінде түсіндіру айқындамасы болып табылады [1].

Осыған байланысты, субъект визуалдағы жеке тіршілік иесі ретінде қарастырылады, тікелей ғана емес, жанамаланған қоршаған ортасымен елестетілген көптүрлі әлемнің тасушысы болып табылады және «Әлемнің барлық жүйесі көрсетілген бүтіндік» ретінде анықталады.

Оның жұмыстарында субъект жоғары әлемдердің, яғни Әлемнің тіршілік етуінің алғашқы себебі болып табылатын айусти әлем – құдайдың (Алғашқы тіршілік иесі) елестетілгендігінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Оның елестетілгендігінің арқасында, субъектінің бойында әуеліден бері оның жоғары, творчестволық күштерін, өзіндік трансценденцияға қабілетін көрсететін және оны жоғары мақсаттарға жетуге бағыттайтын, өмірдің мәнін «айусти» әлемнің ұстанымдарына сәйкес анықтайтын құдайдың бастамасы елестетіледі. Осы жерде оның айқындамалары Франклдың субъектіні Жоғары мағынаның бөлігі болып табылатын рухани тұлға ретінде анықтайтын айқындамасымен сәйкестенеді.

Айасты әлемінің субъектісінде елестетілгендік әр түрлі қоғамдармен анықталады: ұлы, орта, кіші, сонымен қатар қоршаған ортамен.

Әл-Фараби бойынша, ұлы қоғам – бұл жер бетінде тұратын барлық адамдардың қоғамдарының жиынтығы, орта – бұл қандай да бір ұлтпен елестетілген қоғам, ал кіші – қандай да бір қаланың тұрғындарымен елестетілген қоғам, ол осы немесе басқа ұлт тіршілік ететін жердің белгілі бір бөлігін қамтиды. Кіші қоғамдар өздеріне толымсыз қоғамдарды да қосады, бұл – ауыл, квартал, көше немесе үйдің тұрғындары.

Субъектінің ұлы қоғаммен өзара қатынасы жайлы айта отырып, әл-Фараби Әлемнің түрлі бөліктеріндегі атақты авторлардың кітаптары арқылы оның жанамаланған түрде елестетілгендігін болжамдайды. Одан бөлек, ұлы қоғам әлеммен өзара қатынасты құрудағы үлгі болып табылатын басшылардың тұлғаларымен елестетілген.

Орта қоғамдармен өзара қатынас олармен өзара әрекеттестікке тікелей байланысты болады. Орта қоғамдар – ол субъектінің тікелей қоршаған ортасы, ол көптеген түрлерге бөлінеді: өмірдегі қажет заттарға жетуде бір-біріне көмектесетін Қажеттілік қоғамдары; өздеріне жетпеген нәрселерді бір-біріне жеткізу арқылы өз өмір әрекетін қамтамасыз ететін Айырбас қоғамдары; Атаққұмарлық қоғамдары бір-бірін мадақтау қажеттілігімен ерекшеленеді; басқа қоғамдардың бағынуын қандай болмасын амал-тәсілдермен туындатуға тырысатын Биліксіздікшіл қоғамдары; сезімдік ләззат алады таңдайтын қоғамдар; өз құштарлықтарын қанағаттандыруда еркіндікті таңдайтын қоғамдар; Адамгершілігі жоқ қоғамдар – бұл өз мақсаттарын түсінетін және білетін, бірақ оларды жүзеге асыруға ұмтылмайтындар, олар еріншек болып келеді; өмірдегі құндылықтары бұрмаланған Адамгершіліксіз қоғамдар.

Тікелей қоғамдардың ықпалы анағұрлым үлкен. Бірақ бұл адамның өзіндік белсенділігін және оның өзіндік өмір жолы мен құндылықтар жүйесін таңдауын азайтпайды. Ақ қарғалар әр замандарда болған. Сондықтан әл-Фараби бойынша, субъект индивидуалдылығының қалыптасуының бірден-бір жолы тікелей өзара әрекеттесудің шекарасынан шығу болып табылады, яғни жанамаланған өзара әрекеттесудің жүйесіне қосылу – адамзат құрастырған рухани дүниенің шеңберіне шығу. Бұл қазіргі уақытта болмауы да мүмкін авторлардың жанамаланған елестетілгендігін болжайды. Олар кеңістік пен уақыттан тыс. Яғни, бұл кеңістік пен уақыттан тыс өмір сүретін идеалды тұлғалардың елестетілгендігі.

Кіші қоғамдармен өзара қатынас жақын отбасымен, аула, көшедегі қоршағандармен қатынаспен мінезделеді.

Осылайша, барлық қоғамдар қайырымды және көргенсіздерге бөлінеді. Көргенсіздер – жетерліктей кемелділікпен ерекшеленбейтін, мақсаттар мен жердегі өмір мағынасын біржақты түсінуге бағдарланған және материалды деңгейде орналасқандар. Қайырымды қоғамдар – ол әрдайым өз-өздерін дамытатын және шынайы жақсылыққа – әрекеттегі сана қамтамасыз ететін бақытқа жетуге ұмтылатындар.

Барлық осы қалалар Әлемнің жалпы жүйесінің элементтері ретінде тұлғаның, оның өмір мағынасын анықтайтын ішкі көптүрлі әлемінің қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан, әл-Фараби жұмыстарында субъект қоршаған әлеммен саналы және санасыз түрде

сәйкестендіріліп, оның негізгі қырларының тасушысы болып табылады.

Осылайша, әл-Фараби бойынша субъект микрокосм ретінде – оның тұлғасында елестетілген көптеген басқа адамдармен өзара қатынасты реттеу және шоғырландыру нәтижесі болып табылады, олар: идеалды тұлғалар (құдай, әлемнің беделді адамдары), үй ішінен, көшеден, қаладан және қоршаған заттық-нәрселіктерден басталатын тікелей қоршаған ортасы. Әл-Фараби жұмыстарында біз адамның тұрғылықты жерімен анықталатын оның бойындағы физикалық елестетушілікпен алғаш рет кездесетінімізді атап өткен жөн. Сонымен бірге, ол қоршаған ортаның бейнеленген объектілерге тәуелділігіне және оның адам ағзасының қызмет ету ерекшеліктеріне тигізетін әсеріне зейін шоғырландырады. Тәуелділік субъект тұратын жердің топырағында белгілі бір микроминералдардың болуы бойынша қарастырылады. Осыған байланысты, Шығыста біз «топырағынан шыққан» сөз тіркесімен жиі кездесеміз, яғни оның тікелей мағынасы, адамның белгілі бір жердің топырағынан шығуы.

Өзін-өзі реттеу қалай жүзеге асырылады. Өзін-өзі реттеу шегін табу арқылы жүзеге асырылады. Шекті ол екі қарама-қарсылықтар арасындағы орталық ретінде анықтайды. «Игі болып табылатын әрекет екеуі де, бір жағы аса көптік екінші жағы жетіспеушілік секілді, жақсы емес шектердің арасында орналасады. Тура сол сияқты қайырымды қасиеттер – біреуі жетіспеушілік, екіншісі аста-төктік сияқты екеуі де күнә болып табылатын, жағдайлардың арасындағы рухани жағдай мен сипат. Мысалы, жомарттық – сараңдық пен ысырапшылықтың ортасы. Батылдық – ессіздік пен қорқақтықтың ортасы...» [1, б. 274]. Өз істерінде, әрекеттерінде және өз қажеттіліктерін қанағаттандыруда шегін таба білген адам кемелдікке жеткен және шектен шыққан қайырымдылық бойынша басқа көптеген адамдардан асып түсе алған. Әл-Фараби атап өткендей, «адами қайырымдылықтар шегіне шығып, басқа адамға қарағанда одан жоғары дәрежедегі бір нәрсеге (шығу). Ежелгілер мұндай адамды тәңірлік деп атаған» [сол жерде, б. 272]. Әл-Фараби бойынша шек әрекеттегі саналылық арқылы табылады.

Әл-Фараби бойынша индивидуалдылық – әр нәрседе шек табудың арқасында жоғары құндылықтарды жүзеге асыруда кемелдікке жеткен адам.

Психологиядағы субъект мәселесін алғаш талдаған зерттеушілердің бірі З. Фрейд болып та-

былады [2]. Оның жұмыстарында субъект дамуы оның Менінің (Эго) дамуы үрдісінде орын алады, ол алғашында оның қызмет етуін шектейтін тұлғаның басқа екі құрамдас бөлігінен – Супер Эго және Ид-тен тәуелді болған. Адамның қалыптасуы барысында оның тұлғаның барлық бөліктерін шоғырландыратын Менінің күші мықты бола түседі. Тұлға бөліктерін, әсіресе Ид пен Супер Эго, шоғырландыру жайлы айтқанда, біз Супер Эгоны кішкене басқаша түсінумен кездесеміз. Ата-ана Супер Эгосын бұрынғы барлық ұрпақтардың Супер Эгосы ретінде қарастырғанда, біз интроекттердің тек онтогенетикалық ғана емес, филогенетикалық та детерминациясы жайлы айтамыз.

Демек, Супер Эгомен қарым-қатынасты реттеу субъект ретіндегі Мен үшін анағұрлым қиын тапсырма деп болжауға болады, өйткені оның интроекттер әлемінде қызмет ететін көптеген ұрпақтармен қарым-қатынасты реттеуді болжайды. Олармен өзара қатынас ата-ана және олардың орнын басушылары (тәрбиешілер, ұстаздар, және т.б., яғни, осыған байланысты тек белгілі бір шамада ғана саналы түрде ұғынылады) арқылы жүзеге асырылады. Мүмкін осы идея Юнг бойынша ұжымдық бейсаналық ұғымының негізіне кірді.

Субъектінің өзін-өзі реттеуі құрылымдық бөлшектердің балансына жету және ол дамуды шектеуші ретінде қарастырылса да, психологиялық қорғаныстың арқасында жүзеге асырылады. Мүмкін, реттеуші қызметтің осылайша қабылдануы Фрейдтің көп жағдайда патологиядағы жүріс-тұрысты талдауына байланысты болса керек.

Фрейд бойынша индивидуалдылық – бұл творчестволық, сублимацияға қабілетті тұлға.

Творчестволық Мен ретінде субъект А. Адлердің жұмыстарында қарастырылады [3]. Творчестволық Мен – бұл өз өмірінің мағынасын құрып қана қоймайтын, әлеммен өзара әрекеттесу барысында асып түсу және ортақтасуға ұмтылыс шегін реттейтін, өзін-өзі анықтайтын тұлға. Бұл жағдайда, Адлер субъектіні әлеммен қатынастарда билікке ұмтылудың және бағынуға қабілеттің реттеушісі ретінде анықтайды. Осыған байланысты, субъектінің өзін-өзі реттеуі адам өмірінің анықтаушы сфераларында: махаббатта, достықта, жұмыста бағыну және басқару (доминанттылық) өнерін баланста ұстаудың арқасында жүзеге асырылады. Ол мынадай ойға келеді, бағына алмаған адам, басқара алмауы мүмкін. Бағыну өнері – ол адамның маңызды қабілеттерінің бірі, ол басқару қабілетімен бірге

адамның әлеммен өзара қатынасын гармонияға келтіреді. Осыған байланысты, әлеммен өзара қатынастың гармонияға келуі басымдыққа және ортақтасуға қажеттіліктің гармонияда болуын талап етеді, онсыз басқалармен бірлесу мүмкін емес болады. Осы қажеттіліктердің арақатынасы заттық қасиет ретінде адамның өзін-өзі реттеуін және өзін-өзі дамытуын қамтамасыз ететін тұлғаның өмір стилін қалыптастырудың негізінде жатыр.

Адлер бойынша индивидуалдылық – басымдықты және бағынуды лабильді басқару есебінен, өзін-өзі дамытуға, тәңірлік құдыреттілікке ұмтылатын адам.

К. Юнг жұмыстарында субъект өзіндік ретінде көрсетілген [4]. Өзіндік – бұл өткен тәжірибені жүзеге асыратын және жүйедегі тәртіп пен тұтастықты қамтамасыз ететін жаратушы болып табылады. Бұл жеке және ұжымдық бейсаналықпен қамтамасыз етілген интроекттердің көптүрлі әлемінің тасушысы болып табылады. Субъектінің өзін-өзі реттеуі компенсация механизмдері арқылы қамтамасыз етіледі. Адлерге қарағанда, ол компенсацияны толымсыздық сезімін теңестіру ретінде емес, психикалық аппараттың бөлшектерін функционалды теңестіру ретінде, әсіресе негізгі установкалар (экстраверсия мен интроверсия) мен алып жүруші және бағынушы функциялар (ойлау, сезімдер, түйсінулер, интуиция), анықтайды.

Өзіндікті шоғырландырушы бастау ретінде анықтай отырып, Юнг адамның өмірінің негізгі мағынасы әлемге үлес қосуды қамтамасыз ететін өзіндікке жету болып табылады деп атап өткен.

Юнг бойынша индивидуалдылық – бұл негізгі установкалар мен функциялардың тепе-теңдігінің арқасында гармонияға жеткен, жоғары рухани құндылықтарды жасап шығаратын адам.

Субъект өзіндік ретінде Ф. Перлздің де жұмыстарында анықталады [5]. Өзіндік – бұл әлеуметтік-мәдени, биологиялық және физикалық факторларды қамтитын «ағза – қоршаған орта өзара әрекеттесу алаңының» шоғырлануы. Өзіндік контактіге түсу үрдісінде жүзеге асады, мағынаны бейнелейтін жаңа фигураның қалыптасуы үрдісінде жүзеге асып, мағына жүзеге асқаннан кейін жоғалады. Осыған байланысты, өзіндік шоғырландырушы жүйе ретінде уақытта, әсіресе қазіргі таңда өмір сүреді, өткенді және болашақты аккумуляциялайды. Өзіндік өзара әрекеттесу алаңын шоғырландыра отырып, өзінде осы алаңның барлық өкілдерін алып жүреді.

Контакттіге түсу процесіндегі ағзаның өзін-өзі реттеу үрдісін талдай отырып, ерекше творчестволық құрал-жабдықтардың жүйесі және үйлестіру мен нәзік тұжырымдамалардан бөлек, «контакт шекарасын қорғауға арналған төсеме және қорғаушы қақпақ» ретінде әрекет ететін психологиялық қорғаныстың байыпты рөлін атап көрсеткен [5, б. 135].

Психологиялық қорғаныс экстремалды жағдайларда, аяқ астылық, ұзақтық және эффе́ктивтілік факторларына немесе қозу процестері өздерін қандай да бір қозғалмаушылық, үзілгіштік немесе аутизмдік түрде көрсететін кезде негативті әсер ету күші бойынша асқан жағдайға байланысты творчестволық бейімделу қиынға соғатын жағдайда ерекше мағынаға ие. Осы жоспарда субъектке өсу үрдісіне қатты негіз қамтамасыз ету үшін, күшті қарапайым толтыру және ой толғауларында өзіндік бүтіндік пен шоғырланушылықты реттеу үшін «қозғалыстағы тоқтау», «контактін ұстап тұру» қажет болады.

«Өзін-өзі сақтау және өсу полярлы, өйткені сақталатын нәрсе ғана ассимиляция жолымен өсе алады, және ұдайы жаңаны ассимиляциялайтын нәрсе ғана өзін сақтай алады және дегенерация жасамайды. Осылайша, өсудің материалы мен энергиясы мынадай: ағзаның бұрынғы кейпінде қалуға деген консервативті ұмтылысы (Мен қорғанысын автор атап көрсеткен), жаңа орта, бұрынғы жартылай тепе-теңдіктің бұзылуы мен жаңа нәрсенің ассимиляциясы» [сол жерде, б. 231]. Жоғарыда айтылғанға сүйене отырып, біз психологиялық қорғанысты өзінің Менін сақтап қалуға ұмтылыс (бұзылу қорқынышынан қорғаныс), контакттіге түсу үрдісі барысында қауіптерді кері қайтару, ассимиляцияланбағандарды кері қайтару, өткен тәжірибеге және аяқталған гештальттарға сүйене отырып энергияның фоннан жаңа фигураға өтуіне әрекеттесу ретінде анықтай аламыз.

Перлз бойынша, өзін-өзі реттеу өткеру және қорғаныс механизмдерін бейнелейтін творчестволық қозу және бейімделу үрдістері арқасында қамтамасыз етіледі. Фрейдке карағанда, Перлз қорғанысты қалыпты және патологиялық деп саралайды. Өзіндікті өзін-өзі реттеу – бұл элеммен қатынастағы өткеру мен қорғаныс даналығын бейнелейтін үрдіс.

Перлз бойынша индивидуалдылық – бұл өткеру және қорғаныстың гармониясы арқасында шоғырланудың жоғары деңгейіне жеткен адам.

В. Франкл жұмыстарында субъект рухани тұлға ретінде анықталады [6]. Рухани тұлға

ретіндегі субъект – бұл ұмтылыстарды басқаратын, тағдыр (биологиялық, әлеуметтік, психологиялық) шектеулерін өткеретін, басқалармен өзара қатынас үрдісі барысында өзі шешім қабылдай алатын адам. Субъект – бұл түрлі өмір жағдайларында оның әрекеттеріне стимул жасайтын маңызды адамдармен байланыс жүйесінің аккумуляторы. Ол оларды интроект деп атамағанымен, олар «интимді әңгімелесуші» ретінде өмір сүріп, оның әлемінің өкілдері де болып табылады.

Субъектінің өзін-өзі реттеуі бір жағынан, оның «бәрінің үстінен орналасу» және «өзінің үстінен орналасу», өзінің биологиялық және әлеуметтік тағдырының үстінде, яғни өткеру ұмтылысымен жүзеге асырылады. Басқа жағынан, Франкл кейбір жағдайларда, адам өткере алмайтын күйде болғанда, тағдыр мәселелеріне байланысты қатынасын өзгерте алмағанда аулақ кету қажеттігін, тіпті өз патологиясынан да аулақ кете алу қажеттілігін атап көрсетеді. Аулақ кете алу қабілеті – бұл да адам рухы күшінің бір нұсқасы болып табылады. Өзін-өзі реттеу өткеру (тағдырдың үстіне тұру) және оны жағдай (әлеуметтік, биологиялық) қажет еткен кезде аулақ кете алудың арақатынасымен анықталады. Өз деректілігінің, өз мінезінің үстінен тұра алудың бұл қабілеті – рухани тұлғаның күшін бейнелейтін экзистенциалдылықтың еркіндігі болып табылады.

Франкл бойынша индивидуалдылық – «күлден қайта жарала алатын» және өз арнауының шыңындағы деңгейге жетуге қабілетті адам.

Фромм [7] бойынша субъект ұдайы қалыптасу үстінде болатын, оның өнімділігін стимуляциялайтын өзінің деректілігін өткеретін ретінде мінезделеді. Өзін-өзі реттеу өмір сүрудің қалыптасқан тәсілдерімен қамтамасыз етіледі, немесе оның терминдерімен айтқанда, бағдарлар түрлері (рецептивті, эксплуаторлық, стяжательді, нарықтық және жемістілік). Олар адамның келесі әрекет түрлерімен байланысты: «алу» (рецептивті бағдар), «сақтау және жинау» (стяжательді бағдар), «айырбастау» (нарықтық бағдар), «жасау» (жемістілік бағдар), «басқару» (эксплуаторлық бағдар), «бағыну» (барлық бағдарларда, бірақ әсіресе рецептивтіде) немесе аулақ кету, сонымен қатар, істес болу (жемістілік бағдар) өмір әрекетін анықтайтын қажеттіліктерге негізделген. Бұл бағдарлар оларға тән әлеуметтену тәсілдерімен: симбиотикалық одақ, алшақтық, деструктивтілік заттық-нәрселік әлемді игеру тәсілдерін бейнелейді. Фромм бойынша өмір сүрудің берілген тәсілдерін

талдай отырып, осы бағдарлар бойынша өзін-өзі реттеу өсуге ұмтылыс пен психологиялық қорғаныс арақатынасының түрлі нұсқаларымен қамтамасыз етілетінін бекітуге болады. Өсуге ұмтылыс пен қорғаныстың гармониялық арақатынасы болған кезде барлық бағдарларда субъектінің құрылымдық бөлшектерінің тұтастығы мен шоғырланғандығы бейнеленеді. Ұмтылыстардың біреуі бұзылған кезде субъекті тұтастығының шоғырланбаушылығы, аморфтілігі, бейімделмеушілігі орын алады. Осылай, мысалы, рецептивті бағдарда, қорғаныс пен өсуге ұмтылыс арақатынасы бұзылған кезде позитивті көрсеткіштер өзінің негативіне айналады: алуға қабілетті – пассивті және инициативаның жоқтығы; жауапкершілігі мол – ойсыз, мінезсіз; сыйлы – бағынышты; ұялшақ – намыстың жоқтығы; баурағыш – паразиттік; сөйлегіш – приципсіз; әлеуметтік бейімделген – құлдық, өз-өзіне сенімділігінен айырылған; идеалистік – реалды емес; қабылдағыш – қорқақ; сыпайы – ұстанымсыз; оптимист – қалаулыны шынайы деп қабылдағыш; сенімді – алданғыш; нәзік – сентименталды.

Кеңес психологиясында субъектінің ең алғаш зерттеушілерінің бірі С.Л. Рубинштейн [8] болып табылады, ол субъектіні оның басқаларға тигізген үлесін бейнелейтін және әлеммен өзара қатынасын реттейтін өмір сүру тәсілдерімен анықталатын «ұжымдық субъект» деп қарастырған. Өзін-өзі реттеу өзара қатынаста құндылықтарды көрсетудің шегін табу есебінен жүзеге асырылады.

С.Л. Рубинштейн бойынша индивидуалдылық – өз үлесін тигізу арқылы ең көп адамға жарық әкеліп жүрген адам. К.А. Абульханова-Славская С.Л. Рубинштейннің ұжымдық субъект идеясын жалғастыра отырып, оның өзін-өзі реттеуін ұстамдылық тәсілдерін бейнелейтін өмір стратегияларымен қамтамасыз етілетін белсенділік шегін басқару ретінде қарастырады.

Брушлинский бойынша субъект – бұл оның барлықкүрделі және қарама-қайшы қасиеттерінің жоғары деңгейдегі жүйелі тұтастығы, бірінші кезекте, онто- және филогенетикалық дамудың нәтижесі болып табылатын психикалық процестер, күйлер және қасиеттер, оның санасы және бейсанасы. Әуеліден белсенді бола отырып, адам индивиді туылмайды, ал субъект болып қалыптасады. Субъект – адам дамуының жоғары деңгейін бейнелейтін белсенді, өзін-өзі дамытуға және шоғырландыруға, өзін-өзі детерминациялауға, өзін-өзі реттеуге, өзін-өзі

қозғалтуға және өзін-өзі жетілдіруге қабілетті. Субъект тұлға иерархиясының тік сызығы, түрлі модальді қасиеттердің үйлестірушісі, тұлғаның өмір сүруі үшін қажет байланысқа алып келуші.

С.Л. Рубинштейн мен Брушлинский айқындамаларына сәйкес, субъект топтың елестетілгендігінің нәтижесі ретінде қарастырылады.

Жүйелі-субъектілі бағыттың көзқарасы бойынша, субъектіде психика оның ұйымдастырылуының бірлігінде елестетілген, дамудың жаратылыстық-ғылыми және гуманистикалық парадигмалары біріктірілген. Субъект – психикалық ұйымдасудың күрделі, көп деңгейлі жүйесін жасап шығаратын жүйе құрушы фактор. Өзін-өзі реттеу өткеру және қорғаныс стратегияларымен анықталатын мақсатты және адам индивидуалдылығының қорларын таңдау, ұстамдылық іс-әрекет есебінен жүзеге асырылады.

Жүйелі-эволюциялық концепция арнасында субъект түрлі фило- және онтогенетикалық жастардың қызмет етуші жүйелерінің жиынтығы ретінде анықталатын, оларға қатысты нейрондар маманданатын индивидуалды (субъективті) тәжірибенің тасушысы және көптеген субъектілер (ұжымдық және көкейкесті, индивидуалды және шоғырланған) елестетілгендігінің нәтижесі болып табылады. Бұл бағыт психофизиологиялық мәселені шешуді қамтамасыз ететін, П.К. Анохиннің функционалды жүйелер теориясына негізделген. Ұжымдық субъект индивидтердің жиынтығы ретінде көкейкесті индивидуалды субъектілердің жүйесі және әлеуметтік ортақтастық болып табылады. Шоғырланушы индивидуалды субъект – бұл индивид өзара қатынасының индивидуалды тарихын түрлі әр алуын пәндік салалары бар әлеуметтік ортақтастықтардың мүшесі ретінде бекітетін өзара әрекеттесу модельдерінің жиынтығы.

Жүйелі-құрылымдық концепция арнасында субъект көптүрлі тұлғаның тасушысы мен шоғырландырушысы, «Мен көптігінің бірлігі», виртуалды субъектілердің көптігі ретінде қарастырылады. Виртуалды терминін ол алғаш қолданып, оған саналы түрде аз ұғынылатын, «басқаның тұлғасында әлеуетті көрініс табатын» тұлға мағынасы беріледі [9]. Петровский бойынша тек тұлға, абстрактілі қасиет ретінде персонализациялана алады. В.А. Петровскийге сәйкес, субъект виртуалды субъектілердің тасушысы ретінде өзін-өзі қайта жаңғырту есебінен өзін реттейді. Ол түрлі адам жүйешіктерінің

қызмет етуінде хаосты өткеруші ретінде шығады және өзінің бойында өзі өмір сүруінің бастауын ұстап тұрады. «Субъект болу» – өзін қайта жаңғыртуды, өзі өмір сүруінің себебі болуды білдіреді [9, 14 б.]. Индивидуалдылық – бұл субъектіліктің әлеуеті, бірақ өзі субъект емес. Бұл «субъектілер Республикасы» [9, 28-30 бб.].

Субъект адам тұтастығының реттеушісі ретінде тұлғаның сақтаулы тұрған әлеуетін ашуды стимуляциялайтын көптеген тұлғалардың және заттық-нәрселік орта объектілерінің тасушысы болып табылады. Субъектінің өзін-өзі реттеуі тұлғалық және индивидтік қорлардың арақатынасы есебінен жүзеге асырылады.

Субъект барлық универсумның тасушысы ретінде В.И. Слободчиков, Е.И. Исаев, О.С. Сангилбаев сияқты авторлардың жұмыстарында қарастырылады [10].

Б.Г. Ананьевтің жүйелі-кешенді бағытында, субъект адам жүйесіндегі қызмет ететін, оның индивидтік (жастық-жыныстық және индивидуалды типтік қасиеттер) және тұлғалық (қоғамдық қызметтер мен рөлдер, құндылық бағдарлар) ерекшеліктерін шоғырландыратын әрекеттік бастау ретінде қарастырылады. Өзін-өзі реттеу иемдену үрдістерімен қатар, «басқаларға үлес ету» үрдістерін де бейнелейтін интериоризация мен экстериоризация арақатынасының есебінен қамтамасыз етіледі.

Индивидуалдылық – бұл тұлға көрегендігінің жоғары (шыңдық) деңгейін бейнелейтін, адамды оның барлық тереңдігі мен қайталанбастығында ашатын «қасиеттердің қасиеті».

Маркинің жұмыстарында субъект адам тұтастығын реттейтін, туыла берілген қасиет ретінде қарастырылады, бұл кезде индивидтің қасиеттері адамның қоры, тұлға үшін де, субъект үшін де даму айқындамасы ретінде көрініс береді. Мен көптік Мендердің жиынтығы ретінде анықталады, оның негізі экзистенциалды Мен – орталық, ядрелі тұлғаның жинақталған мінездемесі болып табылады.

Қорытынды

1. Абу Насыр әл-Фарабидің субъект микрокосм – қоғамдар мен жоғары тұлғаның көптігінің бейнесі деген ұғымдары психология ғылымына зор әсерін тигізді. Субъект көпшілік ретінде, ол: интроекттердің қауымы (З. Фрейд, К. Юнг, А. Адлер, Ф. Перлз, Э. Фромм), қоғамдастықтар мен бұқарадағы тұлғалардың, интимді әңгімелесушілердің қауымы (В. Франкл), субъектілердің ұжымы (С.Л. Рубинштейн), көкейкесті, ұжымдық және шоғырландыратын субъектілердің қауымы (Максимова және т.б.), виртуалды субъектілердің көптігі (В.А. Петровский), мағыналы басқалар көптігі (Х.Й. Лийметс, Ю. Орн, М. Хейдметс, Т. Нийт т.б.).

2. Адамның тұтастығы жүйесіндегі субъектінің қызметі мен мағынасынан шыға отырып, оның барлық құрылымдық бөлшектердің реттеушісі мен шоғырландырушысы деп атап айтуға болады. Демек, субъект тек көптеген басқалардың (интроекттер, виртуалды тұлғалар, мағыналы адамдар және т.б.) тасушысы ғана емес, ал солармен өзара қатынастың реттеушісі ретінде орын алады.

3. Субъектінің өзін-өзі реттеу ерекшеліктерін талдау оның өткеру және қорғану механизмдерінің арақатынасы арқылы қамтамасыз етілетінін атап айтуға мүмкіндік береді. Әсіресе, қорғаныс механизмдерін (Фрейд) қолдану арқылы өзін-өзі реттеу. Компенсация (толымсыздықты аса жоғары компенсациялау) және қорғаныс (толымсыздықтармен, аурумен, кейбір қызметтердің әлсіздігімен манипуляциялау) (Адлер) арқылы өткеру. Негізгі установкалар мен психикалық функцияларды гармонияға келтіру арқылы өткеру мен қорғаныстың арақатынасы (К. Юнг). Жеткеннің шегіне шығу және алшақтау қабілеті өткерудің арақатынасы ретінде (В. Франкл, Э. Фромм). Өзін-өзі реттеу – құндылықтарды жүзеге асыруда шекті табу қабілеті (С.Л. Рубинштейн), тұлғалық және индивидтік қорлардың арақатынасы ретінде (Х.Й. Лийметс).

Әдебиеттер

- 1 Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата, 1973. – 400 с.
- 2 Фрейд З. Введение в психоанализ: лекции. – М.: Наука, 1989. – 456 с.
- 3 Адлер А. Практика и теория индивидуальной психологии. – М.: Фонд за экономическую грамотность, 1995. – 296 с.
- 4 Юнг К. Психологические типы. – Минск: ООО «Попури», 1998. – 656 с.
- 5 Перлз Ф. Теория и практика гештальттерапии – М.: Институт общегуманитарных исследований, 2001. – 384 с.
- 6 Франкл В. Человек в поисках смысла – М.: Прогресс, 1990. – 368 с.
- 7 Фромм Э. Душа человека: перевод. – М.: Республика, 1992. – 430 с.

- 8 Рубинштейн С.Л. Человек и мир. Проблемы общей психологии. Изд. 2. – М.: Педагогика, 1976. – С. 253-216.
- 9 Психология индивидуального и группового субъекта / под ред. А.В. Брушлинского, М.И. Володиковой. – М.: ПЕР СЭ, 2002. – С. 51–81.
- 10 Ташимова Ф.С. Субъект как носитель многоликого мира и интегратор целостности в системе «Человек» // Вестник психологии. – № 3, 2010 НИИ Психологии АГУ им. Абая. – С. 52-61.

Referens

- 1 Al'-Farabi . Social'no- jeticheskie traktaty. – Alma-Ata, 1973. – 400 s.
- 2 Frejd Z. Vvedenie v psihoanaliz: Lekcii. – М.: Nauka, 1989. – 456 s.
- 3 Adler A. Praktika i teorija individual'noj psihologii. – М.: Fond za jekonomicheskiju gramotnost', 1995. – 296 s.
- 4 Jung K. Psihologicheskie tipy. – Minsk. ООО «Popuri», 1998. – 656 s.
- 5 Perlz F. Teorija i praktika geshtal'tterapii – М.: Institut obshhegumanitarnyh issledovanij. 2001. – 384 s.
- 6 Frankl V. Chelovek v poiskah smysla – М.: Progress, 1990. – 368 s.
- 7 Fromm Je. Dusha cheloveka. / Perevod. – М.: Respublika. 1992. – 430 s
- 8 Rubinshtejn S.L. Chelovek i mir. Problemy obshhej psihologii. Izd.2. – М.: Pedagogika, 1976. – С. 253-216.
- 9 Psihologija individual'nogo i gruppovogo sub#ekta / Pod red. A.V. Brushlinskogo, M.I. Volovikovej. – М.: PER SJe, 2002. – S. 51–81.
- 10 Tashimova F.S. Sub#ekt kak nositel' mnogolikogo mira i integrator celostnosti v sisteme «Chelovek». Vestnik psihologii. № 3, 2010 NII Psihologii AGU im. Abaja. – S. 52-61.